

## БӨЛІМ: ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ

## командалық ойындағы көшбасшылық

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.02.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/132736/

Бөлім				
Педагогтың аты-жөні	Ермеков Ж.Р.			
Күні				
Сынып	Қатысушылар саны			Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы	Командалық ойындардағы көшбасшылық			
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	3.1.2.1 — физикалық дамуға ықпал ететін қозғалыс әрекеттерін көрсету			
Сабақтың мақсаты	Қозғалмалы ойындар кезінде командалық немесе топтық жұмыстың маңызын түсінеді және көшбасшылық дағдылармен жұмыс жасайды.			
Бағалау критерииі	— топта бірлесіп жұмыс жасауға дағдыланады; — қозғалмалы ойындар арқылы негізгі қозғалыс координациялары қалыптастырады; — көшбасшылық дағдыларымен жұмыс жасайды.			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мүғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	<p><b>«Тақырып көлеміндегі әрекеттер»</b> Оқушылармен сәлемдесу. Түгелдеу. Спорттық киімдеріне назар аудару. Қауіпсіздік ережесін таныстыру, қайталау. Бүгінгі сабақтың мақсатымен таныстыру. Бағалау критерийлерін оқушылармен бірге құрастыру. Алдағы жұмыстармен таныстыру. — Жүру жаттығуларын орындау; — Жүгіру жаттығуларының түрлерімен жаттығу; — Жылдамдыққа жүгіру; — Тынысты қалыпқа келтіру</p> <p>Одан кейін шеңбер бойына тұрып ЖДЖ орындайды. Шеңбер бойындағы әр оқушы бір-бір жаттығудан айтып, санақ бойынша орындайтын.</p> <p><b>Бағалау:</b> Оқушылар тарапынан берілген ақпаратқа мадақтау арқылы қолдау көрсету.</p>	<p>Оқушы өз жұбын табады Әдіс арқылы қайталау Сұрақ жауап орындайды</p>	<p>Қол шاپалақ</p>	<p>Ұялы телефон Және интернет желілері Кітап</p>
Ортасы	<p><b>Қозғалыс координациясына бағытталған қозғалмалы ойындар.</b> <b>Мақсаты:</b> ойындар арқылы оқушылардың командалық жұмыстың маңызын түсініп, көшбасшылық дағдылары жетілдіру, оқыту мақсаттарын шешу. <b>Сипаттамасы:</b> ойындар арқылы топқа бөлініп жарысады, бірнеше командалар өзара сайысқа түседі. <b>«Үшіншісі артық»</b> ойыны <b>Әзірлік.</b> Ойыншылар үлкен шеңбердің бойына жұптасып тұрады. Яғни, жұптар бір-бірінің алдына қатарласа тұрады. Әр жұптың ара қашықтығы 3-5 метр. Ойын басында бір жұпты таңдап, біреуін «қашқын», біреуін «қуғын» қылып сайлап алады. <b>Ойында баяндау.</b> Мүғалімнің «баста» деген командасынан кейін «қашқын» шеңберді айналып қос аяқпен қашады. Ал, «қуғыншы» оны қуады. «Қашқын» шаршаған уақытта шеңбер бойында тұрған жұптың алдына келіп тұра қалса, артындағы ойыншы «қашқын» болып қашады. Егерде «қуғыншы» да шаршаса, олда осындай әрекет жасайды. «Қуғыншы» «қашқынды» ұстап алса, керісінше бірін-бірі қуады. Ойын барлық жұп қатысқанша жалғасады. (суреттегідей жұптарды орналастыру қажет)</p> <p><b>Ережесі.</b> 1. Белгі берілгенде жүгіреді. 2. Шеңбердің сыртында ойыншылар қос аяқпен жүгіреді 3. Шеңбердің ішінде бір аяқпен секіріп жүгіреді.</p> <p><b>Мүғалім әрекеті:</b> Ойын кезінде оқушыларды бақылап, кемшіліктерді айтады және оқушыларды өз тарапынан бағалайды. Оқушылардың қимыл-қозғалыстарының дағдылануын бағалау, бақылау. Оқушылардың қозғалыс координацияларының жетілуіне мақтау, мадақтау сөздер айтып, қызығушылықтарын ояту мен қатар икемділік, ептілік дағдыларын дамыту. <b>Бағалау:</b> Оқушылардың бірін-бірі және өзіндік бағалау тәжірибеленеді. Мүғалім әрбір ойыннан соң команда мүшелерінің жеке жетістіктерін айтып тұрады.</p>	<p>Слайдта көрсетілген ресурстарды талқылайды</p> <p>Слайдта берілген сұрақ жауапты орындайды Сұрақ жауап арқылы сұраққа жауап береді, логикалық ойлау білуі мен сын көзқарасы таныта білу дағдылары қалыптасады</p>	<p>Смаликтер арқылы ҚБ өзін өзі бағалау</p> <p>ҚБ «Бәрекедді, өттеген-ай»</p> <p>Бағалау парақшасын толтырады.</p> <p>ҚБ Бағдаршам</p>	<p>Әрбір қызмет түрі үшін үлкен бос кеңістік.</p> <p>Мүғалімге арналған ысықырғы, секунд өлшегіш, бор, әр түрлі доптар, фишкалар, құрсаулар, қағаз, қалам, сұрақтар жазылған қима қағаздар</p>
Сабақтың соңы	<p>Сабақты қортындылау мақсатында мүғалім оқушылармен кері байланыс орнатады. Оқушылар сабақ барысында нені білгенін, қалай жұмыс істегенін, не қиындық әрі жеңіл болғанын, не қиындық туғызғаны туралы ой-пікірлерін білдіре алады.</p>	<p>Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.</p>		<p>Рефлексия парағы</p>

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.